#САПА

Ақаулы кофемашина сатып алған тұрғын ақшасын қайтарып алды

Облыс тұрғыны сапасыз кофемашина үшін төлеген ақшасын қайтарып алды: интернет арқылы сатып алынған тауардан ақау анықталғаннан кейін сатушы бастапқыда жөндеуді ұсынғанымен, тұтынушылар құқығын қорғау департаменті араласқан соң қаражат толық өтелді.

Белгілі болғандай, тұтынушы Kaspi.kz маркетплейсі арқылы сатушыдан кофемашина сатып алады. Тауар жеткізілгеннен кейін ол кофемашинаны қосқан кезде астынан су ағатынын байқайды. Бірден сатушымен байланысып, тауардың сапасыз екенін дәлелдейді, тауар үшін төленген қаражатты қайтаруды талап етеді және курьер арқылы тауарды сатушыға қайтарады. Сатушы кофемашинадағы ақауды жөндеп, қайта тұтынушыға жіберу туралы шешім қабылдайды. Бірақ тұтынушы сатушының бұл шешімімен келіспейтінін айтады.

– Тұтынушы құқығын қорғау туралы заңның 30-шы бабы, 5-ші тармағына сәйкес егер тауарға кепілдік мерзімі берілген болса, сатушы оның сапасына жауапты. Егер тауарда ақау шықса, сатушы оны жөндеуге немесе ауыстыруға міндетті. Тек бір жағдайда ғана, егер ол ақау тұтынушының дұрыс пайдаланбауынан болғанын дәлелдей алған жағдайда ғана жауап бермейді, – дейді департамент басшысы Асхат Сағидолдин.

Сонымен қатар заңның 15-ші бабы, 1-ші тармағы, 6-шы тармақшасына сәйкес, тиісті емес сападағы тауар сатылған тұтынушы (егер сатушы оған тауардағы кемшілік жөнінде айтпаса) шартты бұзуды және тауар үшін төленген ақшаны қайтаруды талап етуге құқылы.

Департамент мамандарының түсіндіру жұмыстарынан соң сатушы дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеді, яғни тұтынушыға кофемашина үшін төленген 129 990 теңге қаражатын толық қайтарды.

Облыстық тұтынушы құқығын қорғау департаменті мемлекеттік органға уақтылы жүгіну қажеттігін еске салады, мамандар кеңесі мәселені оң шешуге көмектеседі.

#БАҒА

Әлеуметтік азық-түлікке негізсіз үстемеақы қосылған

Облыста делдалдық тізбек арқылы бағаны жасанды көтеру дерегі анықталып отыр. Жеке кәсіпкер тауарларды өзіне тәуелді серіктестікке қайта сатып, нәтижесінде қарақұмық, қант және тұзға заңсыз үстеме қосылған. Бұзушылық бойынша әкімшілік іс қозғалып, айыппұл салынды.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша сауда және тұтынушы құқығын қорғау департаменті әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыруда.

Өңірлік комиссия электрондық шот-фактураларды талдау нәтижесінде бағаны жасанды түрде көтеру схемасын анықтады. Тексеру барысында белгілі болғандай, өңірдегі жеке кәсіпкер жасанды делдалдық тізбек құрып, тауарларды, атап айтсақ қарақұмықты, қантты және йодталған тұзды сатып алып, оларды өзі бақылайтын жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қайта сатқан. Осылайша, «өз-өзіне қайта сату» нәтижесінде өнімдердің соңғы бағасы негізсіз түрде артқан, яғни қарақұмыққа 127% үстеме (келісі 241 теңгеге сатылып алып, 550 теңгеден сатылған), қантқа 45% үстеме, ал тұзға 41% үстеме қосылған.

Заңға сәйкес әлеуметтік маңызы бар тауарларға қойылатын шекті сауда үстемесі 15 пайыздан аспауға тиіс. Бұзушылық фактісі бойынша әкімшілік іс қозғалып, айыппұл салынды.

Мұндай фактілердің алдын алу үшін бақылау шаралары тұрақты түрде жүргізілуде. Құзырлы органдар бағаға негізсіз үстеме қосуға жол берілмейтінін ескертеді. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау – мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі.

Әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасының негізсіз өсуі байқалған жағдайда тұтынушы құқығын қорғау департаментіне хабарласуға болады. Мекенжайы: Өскемен қаласы, 30-шы гвардиялық дивизия көшесі, 22 ғимарат.

#ЗАҢ

Қайтаруға болмайтын тауарлар: мұны бәрі білуге тиіс

Көптеген тұтынушылар «клиент әрқашан құқылы» деген сеніммен өмір сүреді. Алайда, Тұтынушы құқығын қорғау туралы заң тек сатып алушыны емес, кәсіпкерді де қорғайды. Бизнес клиенттердің көңіл күйіне байланысты шығынға ұшырамауы үшін және сөрелерге пайдаланылған тауарлар қайта түспеуі үшін заңда нақты шектеулер қарастырылған. Сатушы қабылдаудан заңды түрде бас тарта алатын жағдайларды талдап көрейік.

Қайтарылмайтын тауарлар

Сапалы болса да, айырбастауға да, қайтаруға да жатпайтын тауарлардың тізбесі бар. Егер бұйым жарамды, мәлімделген сипаттамаларға сәйкес келсе, бірақ сізге жай ғана ұнамаса, сатушы мына тауарларды қайтарудан заңды түрде бас тартады:

Дәрілік заттар және медициналық бұйымдар: бұған стерильді бинттерден бастап күрделі диагностикалық аппараттарға дейінгі барлық нәрсе жатады. Дәріхана немесе медициналық техника дүкені оларды қайта қабылдай алмайды, өйткені тауар сөреден кеткеннен кейін оның температуралық режимі мен сақтау шарттарының сақталуына кепілдік беру мүмкін емес.

Іш киімдер және шұлық бұйымдары: іш киімдер, бюстгальтерлер, майкалар, шомылу киімдері, сондай-ақ шұлықтар мен колготкилер. Бұл – жеке гигиена және санитарлық қауіпсіздік мәселесі. Бірде-бір сатып алушы басқа біреу жалаң денесіне киіп көрген затты сатып алғысы келмейді.

Жануарлар мен өсімдіктер: тірі тауар – ерекше санат. Сіз атжалманды (хомяк), тотықұсты немесе бөлме пальмасын «интерьерге сәйкес келмеді» немесе «күтімі тым көп екен» деген себеппен қайтара алмайсыз.

Метрлік тауарлар: маталар, линолеум, кілем жабындары, электр сымдары немесе құрылыс лентелары. Сіздің жеке өлшеміңіз бойынша жалпы орамнан кесіп алынған кез келген нәрсе. Кесілген бөлік «тұтынушылық қасиеттері өзгерген тауар» болып саналады, оны басқа адамға сату өте қиын.

Абоненттік ұялы байланыс құрылғылары: смартфондар, планшеттер, смарт-сағаттар және SIM-картаны қолдайтын роутерлер. Құрылғы іске қосылған (активация) сәттен бастап ол ақпараттық жүйелерде тіркеледі, бұл оны техникалық деңгейде «пайдаланылған» тауарға айналдырады.

«14 күн» ережесі

Заң бойынша тұтынушының тиісті сапалы тауарды қайтаруы үшін 14 күнтізбелік күні бар (сатып алынған күн есептелмейді). Егер сіз 15-ші күні келсеңіз, сатушы тауар мүлдем жаңа болса да, оны қабылдаудан бас тартуға толық құқылы.

Тауарлық түрдің бұзылуы

Сапалы тауарды қайтару оның пайдаланылмаған жағдайында ғана мүмкін болады. Сатушы мына жағдайларда қайтарудан заңды түрде бас тартады:

Пайдалану іздері көрініп тұрса: аяқ киім табанының қажалуы, былғарыдағы бүктемелер, дақтар немесе бөгде иістер (әтір, темекі, кір жуғыш ұнтақ иісі).

Жарлықтар (ярлык) мен пломбалар кесілген болса: ішкі биркалар, картон этикеткалар, эк-рандағы қорғаныш жапсырмалары және пластик пломбалар өз орнында болуы керек. Кесілген бирка бас тартуға автоматты түрде негіз болады.

Қаптамасы бүлінсе: егер түпнұсқа қорап немесе блистер тауардың сату түрін жоғалтатындай деңгейде зақымдалса, сатушы қайтарудан бас тарта алады.

Сатып алу фактісінің расталмауы

Қайтару үшін мәміленің дәл осы дүкенде жасалғанын дәлелдеу қажет.

Дәлелдемелер не болуы мүмкін:

Фискалдық чек.

Баламалар: егер қағаз чек жоғалса, заң басқа дәлелдерді пайдалануға рұқсат береді: мобильді банкингтен үзінді көшірме (картамен төлеген кезде), маркетплейстің жеке кабинетінен скриншот, мөрі бар кепілдік талоны немесе сатып алу кезінде қатысқан куәгерлердің айғақтары.

Егер сіз жоғарыда аталған дәлелдердің ешқайсысын ұсына алмасаңыз, ал сатушы тауардың басқа дүкенде сатылғанын алға тартса, қайтару процедурасы мүмкін болмайды.

Бетті әзірлеген – Арман САПАРҒАЛИ

#БІЛІМ

Экологиялық тәрбие туған өлкені танудан басталады

Тайыр САПАРҒАЛИЕВ, Ержан ӘБІШ

Жуырда «Экологиялық білім беру және ағарту жүйесіндегі өңірлік компонент 2026» тақырыбында XXV облыстық педагогикалық жаратылыстану-ғылыми конференциясы өтті. Іс-шара Шығыс Қазақстан облысы бойынша «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының филиалында ұйымдастырылып, Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің Оқу-зерттеу экобиоорталығының 35 жылдығына арналды.

Конференция модераторы ретінде экобиоорталықтың тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бөлімінің меңгерушісі Юрий Лукьянец сөз сөйлеп, бұл жиынның ғылыми-әдістемелік жұмысты одан әрі жетілдіруге серпін беретінін атап өтті.

– Қазіргі білім беру жүйесі, оқытудың инновациялық формалары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғалық және кәсіби құзыреттілігіне жоғары талаптар қояды. Конференцияда ғылыми-педагогикалық зерттеулердің нәтижелері ұсынылады. Секциялық отырыстарда педагогикалық тәжірибені жинақтау, білім беру үдерісіне өңірлік компонентті енгізу және өңірлік-баламалы білім берудің өзекті мәселелері қарастырылады, – деді ол.

ЭКОБИООРТАЛЫҚҚА – ОТЫЗ БЕС ЖЫЛ

Экобиоорталық – өңірдің басты бір жетістігі, оның мамандары, көптеген тәрбиеленушілері, педагогтері және жалпы қала мен облыс тұрғындары мақтан тұтатын нысан. Бұл туралы Оқу-зерттеу экобиоорталығының директоры, биология ғылымының кандидаты Анатолий Цыганов ерекше атап өтті.

– Бүгінгі баяндамаларды тыңдауға кіріспес бұрын осы жерде отырған және 35 жыл бойы экобиоорталықтың жұмысына қатысқан барша әріптестерге алғысымды білдіргім келеді. Сондай-ақ соңғы 25 жыл бойы өткізілетін «Экологиялық білім беру және ағарту жүйесіндегі өңірлік компонент» атты жыл сайынғы конференцияларға қатысып келе жатқан жандарға да ризашылығымды білдіремін, – деді ол.

Ол ең алдымен оқушылармен, студенттермен жүргізілетін үйірме сабақтарындағы қолдау мен жоғары ынталандыру үшін, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары аясындағы және бұрынғы біліктілікті арттыру институты, қазіргі «Өрлеу» филиалы аясындағы атқарылып жатқан жұмыстар үшін алғыс айтты. Оның айтуынша, бұл – биыл аталып өтетін түрлі мерейтойлық іс-шаралардың ішіндегі ерекше оқиға.

– Бүгінгі жиын – жай ғана әріптестік кездесу немесе ғылыми пікір алмасу емес, бұл – педагогикалық ой мен экологиялық мәдениеттің мерекесі. Экобиоорталық өз қызметі барысында берік іргетасқа айналып, оның негізінде тұтас педагогтер мен зерттеушілер буыны қалыптасты. Оның бастамалары мен жобалары мектептер мен жоғары оқу орындарының шеңберінен әлдеқайда кең тарады, – деді «Өрлеу» орталығы филиалы директорының орынбасары Бақыт Дәуітбеков.

Ол экобиоорталық директоры Анатолий Цыганов пен оның ұжымына ерекше алғыс айтып, олардың табанды еңбегі мен жігерінің арқасында бұл орталық педагогтар мен тәрбиеленушілердің экологиялық мәдениетін қалыптастыратын, жаңа идеялар ұсынатын орынға айналғанын атап өтті.

– Сіздерге қоғам игілігі, планетамыздың болашағы үшін атқарып жатқан еңбектеріңіз үшін ризашылық білдіремін. Біз экологиялық білім берудегі өңірлік компонент тақырыбын талқылап отырмыз, яғни әр балаға жақын әрі түсінікті болуын қамтамасыз ететін мазмұн туралы сөз қозғаудамыз. Конференция жаңа идеяларға жол ашып, педагогтер арасындағы байланыстарды нығайтып, бірлескен жобаларға серпін берсін. Баршаңызға шығармашылық шабыт, нәтижелі жұмыс тілеймін, табиғат пен адам үйлесімді өмір сүретін болашақ үшін атқарып жатқан жұмыстарыңыз табысты болсын, – деді Бақыт Дәуітбеков.

Сондай-ақ көркем-эстетикалық және ғылыми шығармашылықты дамыту зертханасының меңгерушісі Гүлнұр Мырзабекова да сөз алып, әріптестеріне табысты жұмыс тіледі.

ЖАС НАТУРАЛИСТЕРДІҢ ІЗБАСАРЛАРЫ

Экобиоорталық директоры мекеменің құрылуы, ұжымның қалыптасуы және оқу үдерісінің даму кезеңдері туралы жан-жақты ақпарат берді.

– Биыл облыстық жас натуралистер станциясының құрылғанына 74 жыл, ал оқу-зерттеу экобиоорталығының ашылғанына 35 жыл толады, – деді Анатолий Цыганов. – Жас натуралистермен алғашқы жұмыс 1950 жылы Өскемен қаласындағы Пионерлер үйінде көкөніс өсіру және егіншілік үйірмелері арқылы басталған.

1952 жылы арнайы балалар ұйымы – Жас натуралистер станциясын құру және үйірмелер желісін кеңейту қажеттілігі туындады. Осыған байланысты 30 сәуірде КСРО министрлер кеңесінің №20140 қаулысымен мектептен тыс балалар мекемелері мен үлгілік станциялардың жүйесі бекітілді.

Станцияның алғашқы басшысы болып Валентина Колесникова тағайындалды. Соғыстан кейінгі кезеңде азықтүлік мәселесін шешу аса маңызды болғандықтан, ауыл шаруашылығын дамыту станцияның негізгі бағытына айналды. Директордың бастамасы бойынша және жаңадан келген педагогтардың, ауыл шаруашылығы саласы мамандарының күшімен гүл өсіру, жеміс-жидек өсіру, қоян өсіру, агрохимия үйірмелері ашылды.

Анатолий Цыгановтың айтуынша, уақыт өте келе мақсат-міндеттер өзгеріп отырды, бүгінде бұрынғы Жас натуралистер станциясы тиімді тәрбиелік қызмет атқаратын заманауи инновациялық білім беру алаңына айналды.

– 2005 жылдан бастап экобиоорталық қала маңындағы, 30-40 шақырым радиустағы мектеп оқушыларына арналған тақырыптық экскурсиялар ұйымдастырады. Бұл экскурсиялар арқылы оқушылар туған өлкенің тарихи-географиялық ерекшеліктерімен, флорасымен, фаунасымен, экскурсиялық нысандарымен танысады. Олар экобиоорталықтың бөлім меңгерушісі Елена Куликованың авторлық әдістемелік әзірлемелері негізінде өткізіледі. Бұл бағдарламалар табиғи, тарихи және археологиялық ескерткіштерді кешенді түрде қамтиды, – деді Анатолий Цыганов.

Атап айтқанда, Таулы Үлбі маңындағы ежелгі организмдердің тасқа айналған іздері және Шығыс Қазақстанның әр кезеңіне жататын археологиялық ескерткіштер бойынша шолу экскурсиялары өткізіледі.

– 2006 жылдан бастап экобиоорталық жергілікті университетпен жасалған ынтымақтастық келісімі негізінде экология кафедрасының филиалы ретінде қызмет атқарады, – деді баяндамашы. – Студенттерге оқу тәжірибесінен өтуге, тірі нысандар полигонында бақылау жүргізуге, өндірістік тәжірибе мен диплом алдындағы тағылымдамадан өтуге, экологиялық мониторинг станциясының жазғы экспедицияларына қатысуға мүмкіндік берілді. Осылайша экобиоорталық пен университет арасында дуальды білім берудің негізі қаланды. Қазір мекеме қабырғасында жергілікті жоғары оқу орнының үздік түлектері – экологтары еңбек етуде.

САБАҚТАСТЫҚ ЖАЛҒАСУДА

Экобиоорталықтың оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі директор орынбасары Гаухар Нұржан «Туған жер – экологиялық білімнің тірі зертханасы және қосымша білім беруді беру тәжірибесі» тақырыбында мазмұнды баяндама жасады. Ол – жаратылыстану ғылымдарының магистрі, эколог, «Жер амбассадорлары» республикалық креативті жастар қозғалысының Шығыс Қазақстан бойынша үйлестірушісі, «Мен зерттеушімін», «Жасыл инновациялар және кәсіпкерлік» үйірмелерінің жетекшісі.

Пленарлық отырыс барысында әріптестер көрнекті ғалым, белгілі зерттеуші Анна Егоринаның 80 жылдық мерейтойына орай оның еңбегін еске алды. Бұл жөнінде геология-минералогия ғылымының кандидаты, доцент, аға буын өкілі Людмила Линёва баяндама жасады.

– Анна Егорина ғылыми еңбектер мен монографиялардың авторы болған, олардың толық тізімі әлі нақты анықталған жоқ. Жалпы саны шамамен – 200 еңбек. Олардың ішінде «Оңтүстік-батыс Алтайдың климаты», «Таулы аймақ табиғи ортасының бөгеттік факторы», «Өскемен қаласының климаты» сынды өте маңызды монографиялар бар. Бұл еңбектерді мұғалімдер міндетті түрде білуге тиіс. Сонымен қатар ғалымның «Шығыс Қазақстанның географиялық атласын» жасауға қосқан үлесін атап өткен жөн. Мен де осы авторлық ұжымның мүшесі болдым. Екі бағытта жұмыс жүргізілді – бастауыш мектепке арналған атлас және орта мектепке арналған атлас. Қазір бұл жұмыс тоқтап тұр, бірақ оны дереу жалғастыру қажет, себебі ол мұғалімдер үшін аса маңызды, құнды мұраны сақтап, келесі ұрпаққа жеткізу керек, – деді Людмила Линёва.

Конференция жұмысына арнайы шақырылған ғалымдар мен тәжірибешілер де өз ойларын ортаға салды. «Шығыс Қазақстанның ғалымдары мен жазушылары – аймақтық компоненттің бастауы» тақырыбында биология ғылымының кандидаты, доцент, С. Аманжолов атындағы ШҚУ профессоры Константин Прокопов баяндама жасады.

Шығыс Қазақстандағы құстардың азаюы туралы орнитолог Сергей Стариков баяндады. Ал «Snow Leopard Fund» қоғамдық қорының өңірлік, ғылыми және экологиялық-ағартушылық қызметтегі рөлі жөнінде оның жетекшісі, биолог Олег Логинов сөз сөйледі. Ол еліміздің аумағындағы және одан тыс жерлердегі қар барыстарын қорғау ісімен белсенді түрде айналысып жүр.